ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru
университет студенттерінің үні
№15 (461) 31 қазан 2018 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### СЕНАТ: МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Университет президенті Болатбек Абдрасилов оку-тәжірибе жұмыстарына қажетті заманауи құрал-жабдықтармен университетімізді қамтамасыз ету мақсатында алдағы оқу жылына дейін 1000 жаңа компьютермен толықтыратынын айтты. Алдағы уақытта вертуалды зертхана, стоматология факультетіне арнайы клиника ашу жоспарымен бөлісті.

2 бетте

### ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ОРНАТЫЛДЫ

Инновациялық оқу жоспарлары аясында университетте студенттер теория бойынша үш күн оқиды. Білімгерлер өз мамандықтары бойынша практикалық жұмыс дағдыларын иелену үшін екі күн сабақты зауытта өткізетін болады деп жоспарлануда. Университет ректоры Б.Серікбайұлы мен аталмыш зауыттың басшысы И.Қожабаев университет студенттерін белсенді болуға, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

2 бетте

### СПОРТШЫНЫҢ ҚАРУЫ - НАМЫСЫ

8 жылдан бері мені жаттықтырушым, таэквондодан Азия чемпионы Ринат Құралбаев баулып келеді. Ол кісі бізге үлкен мотивация беріп, жеңіске деген сенімділігімізді арттырып отырады. Бұл да спорттағы маңызды нәрселердің бірі. Әрине, осы күнгі жетістіктерімнің бәрі де жаттықтырушымның арқасы деп ойлаймын.

5 бетте

### ДИПЛОМ БАР, ЖҰМЫС ЖОҚ

Жалақысы төмен жұмысқа бармаған дипломды маман ба, әлде жағдайын тұғызбаған үкімет пе? Кім кінәлі?

Әрбір ата-ана балаларына жақсы білім алуға мүмкіндік жасап, кейін сол білімді баласының жақсы қызметке орналасуын армандайды. Шыны керек, мемлекет өзіне қажетті мамандықтарға оқу грантын көп бөледі. Алайда ол мамандардың оқу бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасуына назар аударулары әлі де болса жеткіліксіз.

5 бетте

# 29-ҚАЗАН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ




## 29-ҚАЗАН – ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер! Қымбатты студенттер!**

Сіздерді тамыры бір, тағдыры ортақ бауырлас Түркия елінің Республика күнімен құттықтаймын! Бұл күн – Түркия Республикасы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы үшін үлкен мереке. Қазақ елі тәуелсіздігін алғаш жариялаған тұста атажұрттағы ағайынның қуанышын бірге бөлісіп, ресми мойындаған Түркия Республикасы еді. Екі елдің достық көпіріне айналған Халықаралық қазақ-түрік университеті қос мемлекеттің ынтымақ пен бірлігінің алтын көпірі. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік, рухани достық байланыстар нығайып келеді. Оған дәлел сіздер оқып жатқан Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мұнда бауырлас мемлекеттерден қаншама буын білім алып, тамыры бір түркі жұртының әдебиеті мен мәдениетін бойларына сіңіріп келеді. Татулықты ту еткен екі ел арасындағы ынтымақ-бірлігіміз артып, екі елдің достық қарым-қатынасы нығая берсін! Ұлы мерекеде ынтымақ пен бірлік, бейбітшілік және кемел болашақ тілейміз!

**Университет ректоры**
**Б.С.Абдрасилов**

## 29-EKİM CUMHURİYET BAYRAMI'MIZ KUTLU OLSUN!

ÜNİVERSİTEMİZİN DEĞERLİ PERSONELİ VE SEVGİLİ ÖĞRENCİLERİMİZ!

Bugün 95. Yılını idrak ettiğimiz Cumhuriyetimizin kuruluşu, çok uzun ve sancılı olarak gerçekleşen Oğuz Türklerinin Batıya doğru göçlerinin son halkası ve dönüm noktalarından biri olmuştur. Milattan önce 220 yılında Teoman'ın ata topraklarımız ve ana yurdumuzda Hun Devletini kurmasının ardından, 209'da, oğlu Mete Han'la tarihi kayıtlarda yer alan Türklerin Oğuz boyları bundan yaklaşık bin yıl kadar önce Batıya doğru göç ederek Müslüman olmuşlar ve Anadolu'da Selçuklular ve Osmanlılar gibi büyük medeniyetler tesis etmişlerdir. 20. Yüzyıl başında emperyal güçlerin işgaline direnen, Kurtuluş ve bağımsızlık mücadelesi veren Türkler, devlet-i ebed müddet'in sona ermesine izin vermemişler ve Atatürk önderliğinde cumhuriyeti kurarak Türkiye'nin ilelebet payidar kalmak ve muasır medeniyetler seviyesine ulaşmak kızıl elmasının peşinde önemli bir merhale katetmişlerdir. 2023 yılında 100 yaşını kutlayacak olan modern Türkiye Cumhuriyeti bu ilkeler ve hedefler doğrultusunda tarihi yolculuğuna devam etmektedir.

Anadolu'yu vatan yapmak ve bunu muhafaza etmek uğruna uğruna nice şehitler verdiğimiz biricik Cumhuriyetimizin 95. Yılı Türkiyemiz ve tüm Türk Dünyası için kutlu olsun, hayırlar getirsin.

**Prof. Dr. Cengiz Tomar**
**Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili**

## ТУЫСТАС ЕЛДІҢ БАС МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНДЫ

**29-қазан Түркия мемлекетінің Республика күні. Түркия Республикасы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы үшін үлкен мереке саналатын туыс мемлекеттің бас мейрамы университетімізде тойланды.**

Оқу ордамыздың I вице-президенті Женгиз Томар мен оқу-әдістемелік іс жөніндегі вице-президент Өмірбек Үмбетов мерекемен арнайы құттықтады. Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар өзара достыққа, бауырластық пен сенімге негізделген. Соның айқын дәлелі ретінде университетімізде бір үйдің баласындай тату-тәтті білім алып жатқан түркі жастарын айтуға болады. Тағдыры ортақ, тамыры бір түрік елінің Қазақстанға қашан да тілеулес көзбен қарайтыны бізді қуантады. Екі елдің достық көпірі саналатын оқу ордамыз, қос елдің ынтымағы мен бірлігінің жемісі. Мерекеге орай университет өнерпаздарының концерттік бағдарламасы көпшілік назарына ұсынылды. Әсем ән мен тәтті күй, мың бұралған би көрермендерді бір серпілтіп тастады.

**ЯУ-ақпарат**

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ОРНАТЫЛДЫ

**Таяуда университетіміздің ректоры Б.Абдрасилов пен Кентау трансформатор зауытының бас директоры С.Қожабаев Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**

Кентау трансформатор зауытында университетіміздің студенттерін дуальды оқыту бағдарламасы негізінде бірлесіп білім беру ісі қолға алынды. Аталмыш келісім шарт негізінде Мемлекеттік басқару және жоғары экономика мектебі мен Инженерия факультетінің 8 мамандығының студенттерін қамтиды. Жоба аясында университет қабырғасында теориялық оқумен тікелей зауытта, зертханалар мен цехтарда ғылыми-техникалық байланыстар жасалатын болады.

Инновациялық оқу жоспарлары аясында университетте студенттер теория бойынша үш күн оқиды. Өз мамандықтары бойынша практикалық жұмыс дағдыларын иелену үшін екі күн сабақты зауытта өткізетін болады деп жоспарлануда. Университет ректоры Б.Серікбайұлы мен аталмыш зауыттың басшысы И.Қожабаев университет студенттерін белсенді болуға, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Меморандум аясында IT және инженерлік мамандықтар, технопарк бойынша бірлескен оқу және ғылыми зертханалар құру, бірлескен ғылыми-практикалық семинарлар, конференциялар өткізу жоспарлануда. Университет базасында республикамыздың инженерлік-техникалық жұмысшыларының біліктілігін арттыру бойынша ғылыми-инженерлік орталық ұйымдастырылатын болады.

Кентау трансформатор зауытының басшылығы сондай-ақ университетті оқу-ғылым оқулықтармен толықтыруға, инженерия факультетінің аудиторлық қорының дизайнына және оларды заманауи оқу құралдарымен жабдықтауға қолдау көрсететін болады.

**ЯУ-ақпарат**

# АПТА АЙШЫҚТАРЫ

**ФОРУМ.** Жуырда университетімізде Халықаралық «Түркі Әлемі» форумы өтті. Маңызы зор жиынға еліміз бен Түркия, Үндістан, Өзбекстан, Болгария, Иран, Ресейдің Тыва, Дағыстан аймақтарынан жиырмадан астам әдебиеттанушылар мен ақын-жазушылар қатысты. Мәртебелі меймандар университетіміздің студенттерімен жүздесіп пікір алмасты.

***

**МЕМОРАНДУМ.** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаментімен білім және ғылыми зерттеулер саласында ынтымақтастықты дамыту мақсатында Меморандумға қол қойылды. Меморандумның мақсаты, департамент негізінде дуальды білім беру, бірлескен оқу-ғылыми құрылымдар құру, ғылыми-техникалық бағыттар бойынша бірлескен ғылыми-техникалық шаралар өткізу, және де тәжірибелік дағдылар мен озық тәжірибені игеру мақсатында студенттерді бағытталған өндірістік тәжірибеден өткізу. Осыған орай университет президенті Болатбек Абдрасилов Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінен 20 үздік студентті таңдап алғандығын айтты. Жалынды да жігерлі жастар алдағы уақытта ынтымақтастық негізінде барлық мүмкіндікті пайдалана отырып жұмыс істейді.

***

**СЕМИНАР.** Университетте «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ Оңтүстік Қазақстан филиалының ұйымдастыруымен семинар-тренинг өтті. «ҰМҒТСО» АҚ Оңтүстік Қазақстан филиалының директоры Нұрлан Әмірұлы «Web of Science мәліметтер қорына кіретін журналдарда мақала жариялау» тақырыбында семинар өткізді.

# ҮЙІРМЕДЕН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

**Тарихы терең барша түркі жұртына аты мәлім киелі шаһар Түркістанның алғашқы мақтанышы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі болса, екінші бетке тұтары Халықаралық қазақ-түрік университеті саналады. Бүгінде еліміздің тұңғыш Халықаралық университетінде 8000-нан аса студент өз білімін жетілдіруде.**

Аталмыш оқу орнында сапалы маман болып қалыптасу үшін барлық жағдай жасалған. Білім алудан бөлек университет тарапынан студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдалануы үшін түрлі клубтар мен тегін үйірмелер де қарастырылған. Оқу ордасында 27 клуб белсенді түрде жұмыс істейді. Атап айтар болсақ, университетте «AYU» дебат клубы, «Руханият», «Ясауи жастары» клубтары, спорт үйірмелері жұмыс жасап, биік белестерден көрінуде. Университеттің «AYU» дебат клубы студенттік лигада облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпазы атанып, аталмыш клубтың негізін қалаушылардың бірі Жансая Сапарқұл республикалық деңгейдегі «Үздік спикер» номинациясына ие болды. Спорт саласында да спортшыларымыз бүгінгі күнде университет және еліміздің мерейін әлемдік аренаға паш етіп, толағай табыстарға кенелуде.

Университетімізде жұмыс жасап жатқан барлық клубтардың өз жеткен жетістігі мен бағындарған белестері мол. Студент жастар университет игілігіне үлес қосып, еліміздің дамуына өзіндік септігін тигізуде. Жеке тұлғалық даму тұрғысында өздерін жетілдіру үстінде.

**Ақбота ЕРГЕШБАЙ ,**
**1-курс студенті**

# СЕНАТ: МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

**Университетте кезекті сенат отырысы өтті. Жиналысқа сенат мүшелері мен факультет декандары, кафедра меңгерушілері мен бөлім басшылары қатысты. Маңызды мәжілісте университеттің білім сапасын арттыру, білімгерлерге заман талабына сай білім беруді басты назарға алу жайы талқыға салынды.**

Сенат отырысы дәстүрлі марапаттаудан басталды. Ректор жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің доценті Б. Жүнісовті 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтап, университет атынан сый-сияпат ұсынды. Б. Изатуллаеваны Экономика мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алуымен, профессор Г. Еркебаеваны ЖОО оқытушыларының пәндік оқу-әдістемелік конкурсында 3 монографиясы жүлделі I орынға ие болуымен құттықтады.

Университет президенті Б. Абдрасилов оқу-тәжірибе жұмыстарына қажетті заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында алдағы оқу жылына дейін 1000 жаңа компьютермен толықтыратынын айтты. Алдағы уақытта вертуалды зертхана, стоматология факультетіне арнайы клиника ашу жоспарымен бөлісті.

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова университеттің 2019-2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жайында баяндады. Вице-президент Ө. Үмбетов оқу ордамыздың ақпараттық-коммуникациялық ресурстарын дамыту және «Цифрлы университет концепциясы» жайында баяндама жасап, университетіміздің білім саласын цифрландыру, сапасын арттыру жайында айтып өтті. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т. Ниязов студенттердің білім деңгейін бағалау жүйесін жетілдіру жайын қозғады. Аралық бақылауды ұйымдастыру ережесіне өзгерістер енгізу керектігін тілге тиек етті. Вице-президент К.Беркімбаев «Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала авторларын марапаттау ережесі жайлы айтты. Аталмыш ережеге көпшіліктің талқылауымен толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, бекітілді. Мәжілісте «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» байқауына қатысатын үміткерлер тізімі бекітілді. Сондай-ақ,басқа да білім беру ісіне қатысты өзекті мәселелер ортаға салынды.

**ЯУ-ақпарат**



# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ - УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

***Жуырда оқу ордамызға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Әбдіманап Елікбайұлы арнайы ат басын бұрды.***

Мәртебелі мейманмен жүздесуге қала әкімінің орынбасары Ғ.Рысбеков, университет ректоры Б.Абдрасилов, «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Темірбаев және университетіміздің оқытушы-профессорлары мен студент жастар қатысты. Кездесудегі басты мақсат Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауын талқылау және білім саласына қатысты басымдықтарды түсіндіруге бағытталды.

«Балабақшадан бастап орта білім, орта арнаулы, жоғары оқу орындарында сапалы білім беруге жылдан жылға талап күшеюде. Елбасымыз Жолдауында жоғары оқу орындары жайына кеңінен тоқталды. ҚР Білім заңына жасалған өзгерістерге орай ЖОО-да көптеген автономиялық еркіндіктер берілуде. Осыған байланысты көп мәселелерді университет басшылығы өздері қажеттілігіне қарай шешуге мүмкіндік алатын болады. Кадр мәселесіне келсек еңбек нарығына қажеттілігі болмаса - ол мамандықтардың лицензиясы қайтарылып алынады. Бұл білім мен ғылымды дамытуға арналған қадамның өз жемісін беретініне сенемін», - деді халық қалаулысы, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Әбдіманап Бектұрғанов.

Алқалы жиында сөз алған профессорлар С.Садықов пен Б.Нақыпов Президент Жолдауын насихаттау мен ондағы тапсырмалардың орындалуы қала көлемінде өз деңгейінде жүзеге асырылып жатқандығын жеткізді. Университет ректоры Болатбек Серікбайұлы жақында оқу ордамыздың бес жылдық стратегиялық жоспарын бекіту қолға алынатындығын айта келе, халық қалаулысына университет ұжымы атынан сый-сияпаттарын ұсынды.



# СЫРДАРИЯ – ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНІҢ БИОАЛУАН ТҮРЛІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бүгінгі таңда барша қазақстандықтардың бағдарына айналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының көздеген негізгі тармақтарының бірі Түркістан қаласын облыс орталығы ғана емес, бүкіл Түрік әлемінің астанасы етуге бағытталған. Елбасымыз Н.Назарбаев үстіміздегі жылдың 29-қыркүйегіндегі Түркістан өңіріне сапары кезінде қала тұрғындарымен жүздесіп, келешек ұрпақтың қолына өтетін ұлы аймақтың табиғатын қорғау бағытында алға қойған міндеттер мен үкімет тарапынан бекітілген шаралар біздің қызметіміздің басты бағдары болып табылатындығын айтты. Соның ішінде адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы етіп қоршаған ортаның сапасын көтеру бойынша Мемлекет басшысы нақты тапсырмалар жүктеді. Сондықтан алдымызда, жергілікті табиғатты сақтауға және оның байлықтарына ұқыпты қарау міндеті тұр.**

Түркістан өңірінде, ерекше және маңызды әлемдік фаунаның генетикалық қоры жиналған. Биоресурстардың ерекшелігіне және оның алуан түрлілігіне мән беріп, оларды сақтап қорғауға ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеулер жасалып жатыр. Сондай-ақ, ел аумағындағы экологиялық жағдайдың өзгеруі, табиғат пен тіршілік иелерінің арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы да жан-жануарлардың кейбір түрлерінің жоғалып кету қаупін тудырады.

Солардың бірі – бұқар бұғысы (Cervus elaphus bactrianus Lydekker, 1990) – негізінен орта Азия эндемигі. Қазақстанда XX ғасырдың ортасына дейін Сырдария өзенінің төменгі және орта ағысында мекендеген.

Қазақстан жерінде Бұқар бұғыларының қатары азайып,



нәтижеде мекендейтін қоныстарын өзгертулеріне әкеліп соқтырған бірнеше факторлар болған. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау – әлем мамандарының алдында тұрған үлкен мәселе. Бұл жағдай Қазақстан зоологтары мен биологтарын да мазалаумен келеді. Қазіргі таңда Сырдария өзені мен Арыс өзенінің қосылған жеріндегі тоғайларға Бұқар бұғылар популяциясын қайта жерсіндіру жұмыстары қолға алынуда.

1999 жылы Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF) қолдауымен «Бұқар бұғыларын тарихи ареалында сақтау және қалпына келтіру» жобасы дайындалып, саны азайған түрлерін қайта қалпына келтіру мақсатына арналған бағдарламасы бойынша арнайы жұмыстар басталды.

Осыған орай флора мен фаунаны тиімді қорғау үшін Қазақстан Республикасы өкіметі 2012 жыл 1 қаңтардан бастап «Сырдария – Түркістан» табиғи өңірлік саябағын құру жөнінде арнайы өкім шығарған. Бүгінгі таңда саябақ территориясы Қаратау тауының көптеген жері мен Сырдария өзенінің бойын қамтиды.

Қазіргі кезде планетадағы осынау сұлу жануарлардың шағын бөлігі біздің Қазақстанды мекендейді. Сыр өңіріндегі бұқар бұғының популяциясын жаңғырту үшін біз Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) сарапшыларының ұзақ мерзімдік экологиялық торға арналған концепциясын жүзеге асыруымыз қажет.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың барлық жүйелері қаншалықты құндылыққа ие болуына қарамай, биологиялық алуан түрліліктің ұзақ мерзімде сақталуының кепілі бола алмайды. Сонымен қатар табиғат пен қоршаған ортаның оптималды жағдайларын қамтамасыз етпейді. Экологиялық тор жобасы – аймақтың экологиялық қаңқасын табиғи және табиғи-антропогендік объектілерді байланысты түрде құруды және табиғи орта жағдайын тұрақты түрде қамтамасыз етуді, сондай-ақ табиғи биоалуан түрлілікті сақтауды көздейді. Экологиялық тордың схемасы бірегей базада жасалып, аймақтың кешенді геоақпараттық басқару жүйесіне табиғи ресурстарды байланыстыруға және аймақты экологиялық тұрғыда дамытуға негізделген. Қорғалатын табиғи аймақтар Республиканың барлық табиғи аумақтарын қамтуы қажет. Экологиялық тор келесі маңызды элементтерді қамтиды.

1) Кілттік табиғи аймақтар немесе тордың ядросы – биологиялық алуантүрлілікті сақтайтын және биологиялық алуантүрліліктің ерекше критикалық маңызды элементтерін сақтауды қамтамасыз ететін ауқымды және құнды аймақтар (мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық саябақтар және бірқатар ЕҚТА-дың басқада республикалық санаттары).

2) Экологиялық дәліздер – сызықтық немесе үзілмелі учаскелер, ядролар арасындағы экологиялық байланысты қамтамасыз ететін, сондай-ақ жануарлардың миграция жасайтын жолдары өтетін экологиялық тордың ядроларын байланыстыратын транзиттік аймақ.

3) Буферлік аймақтар – ядро мен экологиялық дәлізді сыртқы жағымсыз әсерден сақтауды қамтамасыз ететін, жерді пайдаланудың дәстүрлі формасын сақтайтын сыртқы жағымсыз әсерлерді болдырмайтын аймақ.

Экологиялық торды құру – биоалуан түрлілікті сақтаудың сенімді механизмін тұрақты пайдалануды қамтамасыз ете алады және болашақта аймақтың экожүйесінің барлық типін сақтау үшін негіз болады. Жануарлар мен өсімдіктердің популяцияларының сирек түрлерін сақтау және жергілікті халықтың қызығушылығын есепке ала отырып, аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытуда қорғалатын табиғи аймақтарды торға қосу қажет.

Сырдария-Қаратау өңірінде биоресуртардың ерекшелігіне және оның алуан түрлілігіне мән беріп, оларды сақтап қорғауға ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеулер жасалып жатыр. Сондай-ақ, ел аумағындағы экологиялық жағдайдың өзгеруі табиғат пен тіршілік иелерінің арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы да жан-жануарлардың кейбір түрлерінің жоғалып кету қаупін тудырады. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау жергілікті мамандарының алдында тұрған үлкен мәселе.

Оған қоса, қаламызға келетін туристер саны жыл сайын артып келеді. Өткен жылдың өзінде бір миллионнан астам адам келген. Міне осындай жағымды ілгерілеуерді ескере отырып, келешекте Түркістан өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыру басты мәселе дейтін




болсақ, көбіне экологиялық, мәдени-сауықтырушылық, рекреациялық, экотуристік және ресурстық бағыттардан тұратын салаларды дамыту шаралары басқа бағыттарына қарағанда, бағынышты қалыпта болуы тиіс.

**Р.ДАЙРАБАЕВ,**
**Биология кафедрасының доценті**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

## БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛДЫ

**Жуырда Астана қаласында «Назарбаев орталығында» «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (АРТА) Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы қорымен бірге «Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша II Орта Азиялық Халықаралық Форумын» өткізді.**

Форумға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, профессор, ҚР ҰҒА академигі Бақытжан Жұмағұлов, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директоры Қанат Жұмабаев, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов, Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету Европалық реестрінің президенті, профессор Карл Дитрих, Білім беру саласындағы Ұлттық аккредиттеу агенттігінің "Росаккредагентство" директоры Лемка Измайлова, Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының (ACQUIN, Германия) атқарушы директоры Стефан Хандке, Қырғыз Республикасы Білім және ғылым министрінің орынбасары Кудайберди Кожобеков, Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету агенттіктері халықаралық желісінің (INQAANHE) директорлар кеңесінің мүшесі, АККОРК директоры Эрика Соболева, Ресей Федерациясы Қоғамдық-кәсіби аккредиттеу ұлттық орталығының директоры, профессор, РАЕН академигі Владимир Наводнов, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, «Тұран» университетінің ректоры, профессор Рахман Алшанұлы, Бизнес-әкімшіліктендіру саласындағы бағдарламаларды аккредиттеудің халықаралық қорының (FIBAA, Германия) атқарушы директоры, доктор, профессор Керстин Финк, Н.И.Лобачевский атындағы Нижегород ұлттық мемлекеттік зерттеу университетінің ректоры, профессор Евгений Чупрунов, Жоғары білім беру сапасы агенттігі (AIC, Латвия) директорының орынбасары Иоланта Силка және тағы басқа Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Белорусияның Білім және ғылым министрліктерінің өкілдері, аккредиттеу органдарының, білім беру саласындағы халықаралық ұйымдардың өкілдері, қазақстандық және шетел жоғары білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Форумға университетіміздің президенті, профессор Болатбек Абдрасилов қатысып, пленарлы мәжілістен соң, "Орталық Азия елдеріндегі ESG имплементациясы" атты панельдік сессияда "Ахмет Ясауи университетінің іс-әрекеттерін модернизациялау" тақырыбында баяндама жасады. XXI ғасырдағы әлемдік университеттер мен даму шарттары, әлемдік рейтинг критерийлері, Қытай, Ресей және Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғарғы білім беру ұйымдарының рейтингтік көрсеткіштері, сондай-ақ «Білім туралы» заңға енген өзгерістер мен Ахмет Ясауи университетіндегі негізгі проблемаларға талдау, университет қызметін модернизациялау бойынша белгіленген 8 міндеттер туралы айтылған баяндаманы форумға қатысушылар ыстық ықылыспен тыңдап шықты. Форум соңында университеттің отыз білім беру мамандығын АРТА агенттігі арқылы 2018-2019 оқу жылында аккредиттеу-ден өткізу туралы келісім-шарттар жасалды.

**Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы**



# Студенттер беті

# АУДИТОРИЯ

СІЗ ҚАНДАЙ СТУДЕНТ БОЛДЫҢЫЗ?

## ЭФТАЛ БАТМАЗ, ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ:

# «СТУДЕНТТЕР БЕЛСЕНДІ БОЛУ КЕРЕК»



**Біз студентпіз, сондықтан болар ұстаздарымыздың жастық шағы, студенттік кезі қалай өткені қызықтырады. Бір кездері студент атанған оқытушы-профессорларымыз осындай дәрежеге қалай жетті деген сұрақ көкейіміздің бір бұрышында тұрары анық. Алғашқы журналистік тәжірибемде Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Эфтал Батмаздан алған сұхбатымды назаларыңызға ұсынамын.**

**– Жастық шағыңыздың ең қызықты кезеңі студенттік өміріңіз қай университетте өтті?**

– 1981 жылы Анкара қаласындағы, Анкара университетіндегі Тіл және Тарих-география факультетінде Жаңа ғасыр тарихы мамандығы бойынша оқып білім алдым.

**– Жаңа ғасыр тарихы деген қандай мамандық?**

– Бұл мамандықта Түркияның жаңа тарихы оқытылады. Түркия мемлекетінде осы мамандыққа қызығатын студенттер өте көп.

**– Сіз қандай студент болдыңыз?**

– Студент кезімде университеттің іс-шараларында белсенділік танытпым дей алмаймын. Оған уақытым да болмады. Мен түске дейін сабақта болсам, түстен кейін жұмыс істедім.

**– Жұмысты не үшін істедіңіз, ақылы оқыдыңыз ба? Әлде түрік жастары өз-өздерін қамтамасыз етуі міндетті ме?**

– Жұмысты өзімді үлкен өмірге дайындау үшін, әрі рухани даму үшін жасадым. Түркияның мемлекеттік университеттерінде студенттер тегін оқиды. Мен де тегін білім алдым. Уақытымның бос өтпеуіне, әрі отбасыма көмек беру үшін жұмыс істедім. Түркия жастары көбіне жұмыс істеп, қаражат табуға ынтық келеді. Әркім өз қалауымен жұмыс жасайды, оларға ата-аналары талап қоймайды.

**– Жоғары оқу орнында өзіңізге ең жақын тұтқан ұстазыңыз кім?**

– Өзімнің жетекшім – профессор, доктор Өзер Эргенч. Бұл кісі мен үшін өте білімді, ұлы тұлға. 1995 жылы осы ұстазымның жетекшілігімен «XVIII ғасырдағы қаржылық тәжірибенің Османлы Ташра басқаруы мен әсерлері жайлы зерттеу» деген тақырыпта «Әдебиет докторы» дәрежесін алдым.

**– Көптеген мемлекеттерде қызмет атқарған екенсіз. Соның ішінде ең алғаш мұғалім ретінде дәріс өткізгенде қандай сезімде болдыңыз?**

– Шынымды айтсам, ең алғаш студенттерге қарап дәріс өткізген сәтте жүрек толқынысым арта түсті, қорықтым. Бір ерекше сезімде болдым. Өйткені бірнеше жылдар бұрын университетке білім іздеп келген өзімнің студенттік шағым есіме түсті.

**– Қазіргі таңда бірге оқыған курстастарыңызбен қарым-қатынастарыңыз қандай? Бас қосып, араласып тұрасыздар ма?**

– Ия, әрине. Қарым-қатынасымыз өте жақсы. Жиі кездесіп, сыйласып тұрамыз. Ұзақ уақыт өткенімен, әлі де көзқарасымыз сол студенттік кездегідей.

**– Шәкірттеріңізге бос уақытында немен айналысуға кеңес берер едіңіз?**

– Бос уақытта көп кітап оқумен айналысыңыздар деймін. Әрдайым белсенділік танытып, білімге құштар болыңыздар, білімге ұтылыңыздар. Кең ойланып, жан-жақты болуға тырысыңыздар. Тілдеріңізді жиі дамытып, жаттықты-рыңыздар. Қазірден бастап болашаққа қатысты жоспарлар құрып, әлемдік мәселелерден хабардар болып жүргендеріңіз дұрыс болады. Тағы да айта кететін маңызды дүние көптеген шет тілдерін үйреніңіздер. Тіл білсеңіздер алдарыңыздан көптеген мүмкіндіктер ашылады

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Әңгімелескен:**
**Зарина КЕНЖЕТАЕВА**
**1-курс студенті**

# ҚАЗАҚИ БРЕНД НЕГЕ ЖОҚ НЕМЕСЕ ҚАЙТСЕК ТАНЫТАМЫЗ



**«Бренд» сөзінің мағынасы әрбір фирманы немесе кәсіпорынды танытатын, оның өнімін жарнамалап баршаға паш ететін тауарлық белгісі дегенге саяды. Ол ұлтқа да қатысты болады.**

Мәселен ұлттық бренд десек, сол ұлттың айрықша белгілерін, ерекшеліктерін білдіріп тұратын танымдық белгісі. Өзгелерден айрықша көзге түсіп тұратын артықшылығы болуы керек. Ол бәлкім ұлттық тағамы, киім үлгісі, музыкалық аспабы, экзотикалық өнері тағы да басқа нәрсе. Ол әлемде басқа ешбір елде жоқ қайталанбас нұсқа болуы керек. Бүгінде әр елдің өз брендтері бар. Мысалы, Францияда «Эйфел» мұнарасы, иіссулар мен асханасы.

Бізде бренд бар ма? Әрине, ұлтымызда брендке тұрарлық тағамдарымыз бен ұлттық құндылықтарымыздың саны шексіз. Біреулер бренд домбыра, қобыз сияқты музыкалық аспаптар десе, екіншілері қымыз, шұбат сусындары деп санайды, ал үшіншілері киіз үйді жақтайды. Таңдау қиын… Сараптай келе бренд деп ұлттық тағамдарымызды айтуға болады. Оған дәлелдер жетерлік.

2012 жылы «Лондон» қаласында өткен олимпиаданың жеңімпазы, зілтемір көтеруден әлемнің екі дүркін чемпионы болған Илья Илин 4 тамыз 2012 жылы WBC арнасына берген сұхбатында бар күш-жігерінің құпиясы қазы-қарта, жал-жаяда екенін мәлімдеді. Сонымен қатар Серік Сәпиев, Данияр Елеусінов, Ардақ Назаров сынды бейбіт елдің батырлары да күштілігі мен ептілігінің сыры ұлттық тағамдарымыздың арқасында екенін жарияға жар салды. Осындай біршама ақпараттарды естіген әлем жұртшылығы қазақтың ұлттық тағамдарына қызығушылығы арта бастады. Жасалу технологиясын үйреніп, қазақ халқының тағамдарының танылуына үлес қосып жүр. Оған дәлел Канаданың жергілікті тұрғындары ашқан «Шәйхана» мейрамханасы. Ол жерде қазақ және орта Азияның ұлттық тағамдары жасалынады. АҚШ-тың Чикаго штатында ашылған «Жібек жолы» мейрамханасында қазақтың қуырдағы, балқаймағы сұранысқа ие. Осылайша қазақ халқының асханасынан дәм тартқан әлем жұртшылығы ұлттық тағамдарымызды қатты құрметтейді. Тіпті, оның денсаулыққа пайдасын, адам ағзасын күшейтетін қасиетіне әбден көзі жеткен немістердің қымызды патенттеп, бие сүтінен дәрумендер жасау арқылы спортшыларын баптайтынын әркім-ақ біледі.

Ата-бабаларымыздың бізге аманат еткен мирасын уақытында бағалағанымыз жөн. Аталарымыз бен әжелеріміздің ішкен-жегені нағыз дәрумендердің көзі болған. Пайымдай келе ұлттық тағамдарымыз бренд болуға тұрарлық. Бірақ ол үшін инвестиция, басқа сөзбен айтқанда қаржылай көмек керек. Жаңа, қызықты ойы бар арнайы мамандар даярлаған жөн. Елді қызықтыру үшін №1 жоба болғаны дұрыс. Яғни жарнама жасау арқылы нарыққа шығара аламыз. Тіпті біздер алкогольді ішімдіктерді нарықтан шығарып, қымызды қоюымызға болады.

Пайымдай келе қолда барда алтынның қадірін білуіміз керек. Өзге ұлттың лағманы мен чикенін жеуге таласпай, өзіміздің ұлттық тағамдарымыздың танытылуына үлес қосайық!

**Ақмарал СЕРІКБАЕВА,**
**1-курс студенті**

ӘЛЕУМЕТ

# Диплом бар, жұмыс жоқ...



**Қазіргі таңда оқу бітірген жас мамандар неге жұмыссыз жүр? Жоғары білім алған жастардың көбі жұмыс таппай сенделіп жүр. Кім кінәлі? Осы орайда ойымдағы сұрақтардың мынадай мәні бар сияқты. Жалақысы төмен жұмысқа бармаған дипломды маман ба, әлде жағдайын туғызбаған үкімет пе?**

Әрбір ата-ана балаларына жақсы білім алуға мүмкіндік жасап, кейін сол білімді баласының жақсы қызметке орналасуын армандайды. Шыны керек, мемлекет өзіне қажетті мамандықтарға оқу грантын көп бөледі. Алайда ол мамандардың оқу бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасуына назар аударулары әлі де болса жеткіліксіз. Бастысы, сол маманды оқытқан оқу орны құлықсыздық танытады. Олар мемлекеттен гранттарға бөлінген қаржыға келгенде, ақылы білім беріп, студенттің қалтасын қаққанда ашкөздік танытса да, дайындаған мамандарының болашағын ойлауға келгенде білмегенсіп қалатын сыңайлы. Соның салдарынан қазіргі уақытта жұмыссыздық дерті қазақ қоғамын алаңдатып, екі қолға бір күрек таппай жүрген жас мамандар қатары көбейіп кетті. Бұған не себеп? Жастардың жұмыссыз қалуына кім кінәлі? Жастар арасындағы жұмыссыздықтың артуына себеп те аз емес. Солардың қатарында ең әуелі жоғары оқу орындарының нарық талабына сай маман даярлай алмауы, мамандарды әзірлеу үшін онда қажетті инфрақұрылымдардың болмауы, жұмыс берушілердің жас мамандарды жылы қабылдамайтындығы аталатыны анық. Бұл бүгінгі қоғамда айқын көрініс тауып отыр. Оны ешкім жасыра алмайды.

Диплом бар,жұмыс жоқ. Қазір жұмыссыз жүрген жастардан тек осындай жауап алуға болады. Жоғары оқу орнын аяқтап, қолына диплом алған көптеген жас маманның жұмыссыздық мәселесімен бетпе-бет келетіні жасырын емес. Жоғары оқу орнын бітірген түлектерді ешқандай жұмыс беруші құшақ жая қарсы алмайтындығы да ақиқат.

Осы орайда менің жеке өзіндік пікірім, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін толыққанды қарастыру үшін кез келген жұмыс орындарында оқу бітірген жас мамандардың тәжірибесін тыңдауға мүмкіндік беріліп,жұмыс жүргізілуі тиіс деп ойлаймын. .

**Ару ОҢАЙБЕК**

# Шындық-шипа, өтірік - дерт

**Шындық ол – ақиқат. Ал ақиқат гаухартас тәріздес, мына өмірде оны табу қиын. Алайда дұрыс сөйлеп, ақиқатты айта білу адамгершіліктің белгісі. Ал өтірік айту - шындықты мойындай алмайтын адамның қателігі. «Өтіріктің арты бір-ақ тұтам» демекші, түбінде ақиқат қашанда болсын ашылып, анық болатыны бар.**

Шындықпен, ақиқатпен жүретін адам ол өз бойына жақсы қасиеттерді сусындай ала алады. Мысалға сыйлы болып, асылдыққа, мәртебелікке, бекзаттылыққа тәрбиеленеді. Қазақта ата-бабаларымыз, ақын-жазушыларымыз, ғұламаларымыз өздерінің шыншылдығының, білімдерінің арқасында үлкен жетістіктерге мәртебелікке ие болып, игі істерді жасаған.

Тек қана қазақ интеллегенциясы емес, әлем ғұламалары, философ, физик, ақындар және де тағы да басқа көптеген зиялы адамдары ақиқатты соңына дейін дәлелдейміз деп әлемге зор үлестерін қосты.

Мұсылман халқы болғанымыздан соң, хадисте Пайғамбарымыз айтқандай: «Өтірік ол – екіжүзділіктің белгісі», өтірік айтқан адам өз уәдесіне берік болмай, өзін де, өзгені де адастырады және өзіне деген күмәнін үнемі тудырып тұрады. Тек қана мұсылман халқында емес, әлем ойшылдары да шындық жайлы түрлі ойлар қалдырған. «Шындық ащы болса да, адалдыққа бастайды» десе, «Шындық ауыр болса да денсаулығымызға оң әсерін тигізетін дәрі» деп Оноре де Бальзак айтқан. Иә, шындық және өтірік жайлы түрлі пікірлер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді тізбектей айта берсек соңына жетпейміз. Ягни, бұл деген-адамның қашан болмасын, қай дәуірде өмір сүрмесін ақиқатқа қарай ұмтылуы қуантады.

Маған таңдау еркіндігі берілсе, шындық жеңіліске апаратын тура жолды таңдар едім. Мейлі алдымда қиын бөгеттер тұрса да, ақиқат қалайда болсын мені алып шығарына сенемін. Өтірік айтумен қалай күресуге болады? Әрине, әрбір адам пенде, пенде болған соң қателіктер жасайды. Өтірік айту, айтпау адамның жеке сана сезіміне, рухани байлығына байланысты деп ойлаймын. Ал сананы қалыптастыру үшін, баланы жастан демекші кішкентайынан баланы шыншылдыққа тәрбиелей білу керек және қасындағы құрбы-құрдастарды дұрыс таңдай біліп, айналаңды жақсы адамдармен қоршай білу қажет.

Ал, егер адам игі іс жасау үшін өтірік айтса, мысалға бір адамдарды татуластыру үшін, егер сол өтірік барлығын жақсылыққа апарар болса, онда менің оған деген көзқарасым түзу.

«Өсек, өтірік, мақтаншақ
Еріншек бекер мал шашпақ» - деп Абай Құнанбаев атамыз айтқандай, өтірік, өсек қасиеттерінен жалпы жаман қасиеттерден аулақ болып, жүрегімізді таза ұстайық.

**Ақниет КӘРІМ,**
**1-курс студенті**

# Спортшының қаруы - намысы




**Президентіміз Н.Назарбаев: «Спортшылар жеңісі – салауатты өмір салтының бірден-бір насихаты» деп тегін айтпаған. Бүгінгі кейіпкеріміз спорт саласында көптеген жетістіктерге жетіп, салауатты өмір салтын насихаттап жүрген спорт мамандығының 3-курс студенті, Қазақстан Республикасының спорт шебері Арман СЕРІКҰЛЫ.**

**– Арман аға, жақында Павлодар қаласында өткен таэквондодан республикалық турнирде 1-ші орын иеленуіңізбен құттықтаймын! Спортқа қашан келдіңіз және таэквондомен қанша жастан бастап айналысасыз?**

– Рахмет! Алғаш 9 жасымда дзюдоға келдім. Бұл спорт түрімен екі жылдай айналыстым. Алайда ешқандай нәтиже көрсете алмадым. Жазда дзюдошыларға үш ай демалыс беретін. Сол уақытта ата-анамның кеңесімен демалысты босқа өткізбей таэквондоға қатыса бастадым. Бір айдан соң Түркістанда қалалық турнир өтті де, күтпеген жерден 1-орын алып кеттім. Бұл мен үшін үлкен қуаныш болды. Ащы термен келетін тәтті жеңістің дәмін сезініп, таэквондо спортына қызығушылығым арта түсті. Екі жыл бойы таэквондо мен дзюдоны қатар алып жүруге тура келді. Дегенмен екі спорттың бірін таңдауға тура келді.

**– Жаттықтырып жүрген ұстазыңыз кім?**

– 8 жылдан бері мені жаттықтырушым, таэквондодан Азия чемпионы Ринат Құралбаев баулып келеді. Ол кісі бізге үлкен мотивация беріп, жеңіске деген сенімділігімізді арттырып отырады. Бұл да спорттағы маңызды нәрселердің бірі. Әрине, осы күнгі жетістіктерімнің бәрі де жаттықтырушымның арқасы деп ойлаймын.

**– Күрес, бокс, каратэ, таэквондо секілді спорт түрлерінде күтпеген жерден жарақат алып қалуың әбден мүмкін. Қаншама турнирлерге қатысып жүрсіз. Қатты жарақаттанған кезіңіз болды ма?**

– Жоқ, әзірге одан аманмын. Спортта жүргеніме 8 жылдан асса да, ауыр жарақат алу секілді жағдайлар орын алмапты. Шынымды айтсам, бірде-бір жарақат алмай спортта жүргеніме өзім де таң қаламын. Кейде ауырсыну болатыны рас, бірақ, ауыр жарақат емес.

**– Спортшылар үйден гөрі түзде көбірек болатыны жасырын емес, түрлі жаттығулар мен сайыстар дегендей. Осы жағынан ата-анаңыз спортта жүруіңізге қарсылық білдірмеді ме?**

– Мектепте оқып жүргенде-ақ сабақты да, спортты да қатар алып жүрген едім. Ата-анам сабағымды нашарлатып алуымнан қорықты. Сабағым нашарлай бастаса спортты тастайтыныңды ескерткен. Сабақтан келген бойда жаттығуға кететінмін. Ата-анам спортқа шектеу қоймау үшін кешке шаршап келсем де сабақ оқитынмын. 2016 жылы мектепті алтын белгімен бітірдім.

**– Кез-келген адамның еліктейтін адамы, ұқсағысы келген тұлғасы болады. Сіз кімге еліктейсіз?**

– Қазақстанда таэквондодан жалғыз Азияда чемпионы, есімі менімен аттас Арман Шолмановты өзіме үлгі тұтамын. Ол 2008 жылы Пекин Олимпиадасында қола жүлдеге қол жеткізді. Мен де сол Арман Шолманов секілді Азияда, одан қала берді Олимпиада чемпионы болғым келеді.

**– Өміріңізде «әттеген-ай» деп, спортта жүрегіңізге өкінген сәт орын алды ма?**

– «Молдова-OPEN» атты халықаралық чемпионатта қатты өкініш білдірген кезім болды. Турнирге салмақ қуып барамыз, ол да оңай емес. Жарысқа шығып, қарсыластың бірін жеңіп, 1-орын алдым. Маған дейінгі салмақ дәрежесіндегілерді марапаттап жатты. Менің кезегім келді, байрағымыз көкке көтерілді, мен толқып кеудеме жүрегімді қойып тұрмын. Дәл сол сәтте Әнұраны емес, басқа бір ән қойып жіберген. Қателік, әрине, ұйымдастырушылардан болды. Бұл мен үшін өте өкінетін жәйт болды. Қуанышым су сепкендей басылды.

**– Арман, білуімше жүрегіңіздің иесін әлі кездестірмепсіз. Сіздің ойыңыздағы ару, болашақ жарыңызды қандай қасиеттеріне қарап таңдар едіңіз? Қыздың ұлтына мән бересіз бе, әлде махаббат ұлтқа қарамайды дегенмен келісесізбе?**

– Өзіміздің қазақтың қаракөз, қарапайым да сұлу қыздар өте көп. Олар тұрғанда өзге ұлттың аруын қайтейін. Үйдің жалғыз ұлы болған соң болашақ жарымның ата-анамды сыйлайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіре білетін ибалы қыз жолықса деп ойлаймын.

**– Бос уақытыңызда немен айналысқанды ұнатасыз?**

– Бос уақытым көп бола бермейді. Қолым босай қалса көбіне кітап оқығанды ұнатамын. Мұхтар Әуезов, Төлеген Әбдіков, Әзілхан Нұршайықов сынды жазушылардың кітаптарын оқимын. Сүйікті кітабым Төлеген Әбдіковтың "Оң қол" кітабы.

**– Неден қорқасыз? Фобияңыз не?**

– Әрине, ең біріншi Алладан қорқамын. Ата-анамды ренжітіп алудан қорқамын Фобия деуге келмес, биіктіктен аздап қорқатыным бар.

**– Спортпен қатар алып жүрсем деген мамандығыңыз барма?**

- Бар, әрине. Бірақ алдымен олимп шыңын бағындырып, алдыма қойған мақсаттарымды орындауым керек. Содан кейін қаржы саласына ауысуым әбден мүмкін. Себебі жаным спортты ғана емес, экономика мен қаржы саласын да ұнатады. Оқу ешқашан кеш болмайды. Жүрегім жамағысы келген жақсы дүниелерден еш бас тартпайды.

**– Қалай ойлайсыз, нағыз чемпион болу үшін спортшыға қандай қасиет керек?**

– Спортшыға, ең алдымен, намыс пен жауапкершілік керек. Бүтін бір мемлекет халқының намысы сенің мойныңда тұрғанын сезінуің керек. Сонда ғана жеңіп шығасың, чемпион боласың.

**– Спортта әлі қанша уақыт жүремін деп ойлайсыз? Өз білгеніңізді өзгеге үйретер ме едіңіз?**

– Спортта әлі қанша уақыт жүретінімді тек бір Алла біледі Бірақ өзім 7-8 жылды жоспарлаймын. Ал бапкерлікке келсем, әрине, өз білгенімді өзгеге еш жалықпастан үйретер едім. Ол әр спортшының армасы десем, қате болмас. Себебі сен тәрбиелеген, сен дайындаған спортшы әлемдік жарыстарда бақ сынап, топ жарып жатса, одан асқан бақыт жоқ шығар. Бірақ дәл солай шәкірт тәрбиелеймін десең, алдымен өзің жеңіске жетіп, өзің мол тәжірибе жинауың керек. Сол үшін көп еңбек ететін боламын.

**– Алдағы уақыттағы жоспарларыңыз қандай?**

– Олимпиада шыңын бағындыру. Қазақстанның атын әлемге танытып, көк байрағымызды көкте желбірету. Елімнің бейбіт, халқының тыныш өмір сүргенін қалаймын. Және де бұл үшін еш аянбаймын, қолыңнан келгенін жасаймын, мақсаттарымды орындаймын.

**– Кәсіби спортқа келемін деген адамға не айтасыз? Спорттан не түйдіңіз?**

– Спорт үлкен дайындықты, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Нәтиже шығару үшін көп жылдар еңбек етесің. Жеңіс те, жеңіліс те Құдайдан! Ең бірінші, жүрегің таза болуы керек. Спорт жолын таңдадың ба, спортшы өз мақсатына жетуі керек. Сабырлы, еңбекқор болуы міндетті. Спорт жолы – қиын жол. Алайда қиындықтарға шыдап, сабырлы болып, жеңіске деген жігеріңді жануың керек!

***Көптеген шетелдерде еліміздің атын шығарып, көк байрағымызды көкте желбіретіп, Әнұранымызды шырқатып жүрген осынау оғлан оқу ордамыздың атын шығаруда. Небәрі 8 жылдың ішінде әлемдік турнирлерде бақ сынап, алтыннан алқа тағынып жүр. Жас болса да жеткен жеңістері мен жетістіктері көп екен. Түркияның Кония қаласында таэквондодан өткен халықаралық турнирде 1-орын, Дубайдада – 1-орын, Кишиневте – 1-орын, Мәскеуде – 3-орын, Стамбулда – 3-орын... осылай жалғасып кете барады. 2017 жылы студентімізге таэквондодан «Спорт шебері» атағы берілді.***

**Спортшымен тілдескен: Ақмарал СЕРІКБАЙ**
**1-курс студенті**

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

YESEVİ Üniversitesi
ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

# Türkiye Cumhuriyetinin 95. Yılı coşkusu

**Cumhuriyetin 95. Yılı münasebetiyle Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde bir kutlama programı düzenlendi. 29 Ekim Pazartesi günü Kültür Merkezi'nde gerçekleştirilen etkinlik saat 11:00'da Gazi Mustafa Kemal Atatürk ve aziz şehitlerimiz anısına saygı duruşu ve ulusal marşların okunmasıyla başladı.**

Akabinde, Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrenci Konsey Başkanlığı tarafından hazırlanan 'Cumhuriyetin Kuruluşu' ile ilgi belgesel ve Türk dünyasından gelen öğrencilerin kutlama mesajlarını içeren video gösterime sunuldu.

Törende konuşan Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türkiye Cumhuriyeti'nin bağımsızlığının ve egemenliğinin büyük bedeller verilerek kazanıldığını, Anadolu'daki Türk varlığının başlangıcı olan 1071'den günümüze yüz binlerce ve hatta milyonlarca şehit verilerek devam ettirildiğini belirtti. Ayrıca, Türk tarihinin 95 yıla sığdırılamayacağına da vurgu yapan Tomar, bu tarihin Milattan Önce 200'lü yıllarda kurulan Hun İmparatorluğu'na kadar dayandığını belirterek, Göktürkler, Selçuklular, Anadolu Selçukluları ve Osmanlı Devleti ile devam ettiğini ve 95 yıl öce büyük bir mücadele sonucunda Cumhuriyetin ilanı ile taçlandırıldığını dile getirdi.



Rektör Vekili Tomar konuşmasını, "Orta Asya'da ve Türk dünyasının kalbi Türkistan'da Cumhuriyet Bayramı'nı kutlamaktan onur duyduğunu belirterek, "programın hazırlanmasında emeği geçen ve buraya gelip mutluluğumuzu bizimle paylaşan Kazak, Kırgız, Özbek, Türkmen Azeri ve tüm Türk soydaşlarımıza teşekkür ediyorum" diyerek sonlandırdı.

Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Omirbek Umbetov ise Kültigin yazıtının bir bölümünü okuyarak başladığı konuşmasında, "Bugün Türk Dünyası adına tarihi bir gün. Kardeş Devlet Türkiye Cumhuriyeti kuruluşunun 95. Yılını kutluyor. Türk dünyasını bir çatı altında toplayan Ahmet Yesevi Üniversitesinde bu heyecanı yaşamaktan onur duyuyoruz. Türk Halkının Cumhuriyet bayramını en samimi duygularımızla kutluyoruz," dedi.

Törende günün anlam ve önemini binaen bir konuşma yapan Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Eftal Ş. Batmaz ise Türkiye Cumhuriyetinin kuruluş sürecini ve Cumhuriyetin ilke ve inkılaplarını anlatarak devletin kazanımlarını ve Cumhuriyetin değerlerini katılımcılarla paylaştı.

Cumhuriyet Bayramı kutlama programı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrenci Konsey Başkanlığı ve Türk Dünyası Orkestrası tarafından hazırlanan konser ve halkoyunları gösterileriyle son buldu.

# Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Ulu İpek Yolu Üzerindeki Ortaçağ Şehirleri" sempozyumu

**Hazret Sultan Türkistan Şehir Müzesi tarafından ve Yesevi Ocakları Kültür Derneği'nin destekleriyle düzenlenen "Ulu İpek Yolu Üzerindeki Ortaçağ Şehirleri" Uluslararası sempozyumu Ahmet Yesevi Üniversitesi ev sahipliğinde gerçekleşti. Müzenin 40. Yılı anasına düzenlenen sempozyumun açılışı, "Yetmiş Hikmet" adlı kitabın sergisiyle Kültür Merkezi giriş katında başladı.**

Serginin ardından sempozyumun açılış töreni Tiyatro ve Sinema Salonunda yapıldı. Kazakistan Kültür ve Spor Bakanı Arıstanbek Muhammediulı ve Türkistan Eyalet Valisi Prof. Dr. Canseyit Tüymebaeyev'in kutlama mesajlarının okunduğu törende, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov da bir konuşma yaptı.

Rektör Abdrasilov konuşmasında Türkistan şehrinin çok eski bir tarihî geçmişi olduğuna vurgu yaparak, "Türkistan, 12 asırdır İslam kültürüyle yoğrulmuş kadim bir medeniyet merkezidir. ipek yolunun en önemli güzergahlarından biri olan kadim Türkistan kültür, bilim, sanat, edebiyat, astronomi, ve daha birçok alanda gelişen bir şehirdir. Ayrıca 15. yüzyılda Avrupa'da gerçekleşen Rönesans hareketlerine de esin kaynağı olmuş, büyük bir medeniyet merkezidir. Türkistan Şehir Müzesi'nin düzenlemiş olduğu Ulu İpek Yolu Üzerindeki Ortaçağ Şehirleri Sempozyumu bu kültürel mirasın tüm dünyaya tanıtılması açısından son derece önemlidir" şeklinde konuştu.

Rektör Abdrasilov konuşmasının ardından Hazret Sultan Türkistan Şehir Müzesi 40. Yılı madalyası ile ödüllendirildi.

"Ortaçağ yerleşim yerleri ve Türkistan'ın başkentleri, Büyük İpek Yolu üzerindeki ortaçağ şehirlerinde bilim ve kültür, Yabancı araştırmacıların ve gezginlerin ortaçağ kentleri, Ruhani Janguru (Manevi Uyanış): Müze İşleri ve Anıtlar Koruma ve Türkistan'da tarih ve kültür turizminin gelişiminin yolları" konularının masaya yatırıldığı sempozyum, Sonuç Bildirgesi ve Genel Değerlendirme oturumuyla tamamlandı.

19-20 Ekim tarihlerinde gerçekleşen sempozyumda toplam 4 oturumda 50'ye yakın bilim adamı bildiri sundu.

# Kentav Transformatör Fabrikası ile İşbirliği

**Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi ile Kentav Transformatör Fabrikası A.Ş. arasında, eğitim öğretim ve bilimsel araştırmalar alanında çalışmaları geliştirmek amacıyla ikili işbirliği protokolü imzalandı.**

Kentav Transformatör Fabrikası Yönetim Kurulu Başkanı Saidulla Kozhabayev, konu kapsamında görüşmeler ve ikili iş birliği protokolü imzalamak üzere Ahmet Yesevi Üniversitesi'ni ziyaret etti. Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından karşılanan Saidulla Kozhabayev ve beraberindeki heyet, Kültür Merkezi'nde düzenlenen ikili işbirliği imza töreni öncesinde, burada bulunan Türk Dünyası Kültür ve Tarih Müzesi'ni gezdiler.

24 Ekim 2018 Çarşamba günü saat 10:00'da gerçekleşen görüşmelerde, ikili işbirliği mutabakat zaptını Üniversite adına Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Kentav Transformatör Fabrikası adına Saidulla Kozhabayev imzaladı.

İşbirliği kapsamında, karşılıklı fayda sağlayacak akademik ve teknolojik programları geliştirme, akademik ve yüksek öğretim faaliyetlerine yönelik etkinliklerin desteklenmesi, bilimsel ve teknik alanlarda seminerler, konferanslar ve forumlar düzenlenmesi, lisans ve lisansüstü eğitim programı öğrencileri ile şirket çalışanları için




seminerler, eğitim kursları verilmesi, yurt içi ve yurt dışındaki sektörün önde gelen bilim adamları ile konu uzmanlarının davet edilmesi, tüm bu işbirliği için gereken mali yardımın sağlanması, Ahmet Yesevi Üniversitesi Kütüphanesi'nin, Mühendislik Fakültesi'nin bilimsel ve teknik literatür ihtiyaçlarını karşılayacak şekilde alt ve üst yapı donanımının kurulması, Mühendislik Fakültesi bölümlerinin laboratuar ve teknik altyapı donanımı için destekte bulunulması gibi çok yönlü ortak araştırma ve geliştirme (AR-GE) konularında mutabakat sağlandı.

Protokol Töreni sonrasında Kentav Transformatör Fabrikası yetkilileri, Üniversite'nin çeşitli birimlerinde incelemelerde bulundular.

# Dünya Bankası Kazakistan Temsilcisi Ato Brown'dan Ahmet Yesevi Üniversitesine ziyaret

**Dünya Bankası Kazakistan Temsilcisi Ato Brown Ahmet Yesevi Üniversitesini ziyaret etti. 18 Ekim Perşembe günü gerçekleşen görüşmelerde Ato Brown ve heyetini Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov Rektörlük makamında kabul etti. Ziyarette Rektör Yardımcıları Doç. Dr. Şolpan Altınbekova ve Dr. Öğretim Üyesi Pusat Pilten de hazır bulundu.**

Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ziyaretten duyduğu memnuniyeti dile getirerek; "Üniversitemize teşrifleriniz için teşekkür ediyoruz. Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkiye ve Kazakistan cumhuriyetlerinin işbirliğiyle kurulmuş bir üniversitedir. Üniversitemizde Türk Cumhuriyetlerinden ve tüm Türk dünyasından öğrenciler öğrenim görmektedir. Üniversitemizde 9 fakültemiz, 1 lisans eğitimi veren yüksekokulumuz, 7 enstitümüz var. 9 bine yakın öğrenci ve bin civarında da akademisyenimiz görev yapmaktadır. Ayrıca kütüphane ve spor tesislerimiz olmak üzere sosyal imkânlarımız oldukça iyidir. Üniversite hiçbir zaman sabit değildir, devamlı gelişme ihtiyacındadır. Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak başta Türkiye olmak üzere Avrupa ve dünyadaki birçok üniversite ile işbirliği içerisindeyiz. Bunun yanında çeşitli kurum ve kuruluşlar ile de protokollerimiz mevcuttur. Üniversitemize destek verecek kurum ve kuruluşlara da her zaman açığız," diye konuştu.

Dünya Bankası Temsilcisi Ato Brown İse konuşmasında, gösterdikleri ilgiden dolayı üniversite yetkililerine teşekkür ederek, "Hoca Ahmet Yesevi'nin adıyla özdeşleşen bu üniversitede bulunmaktan mutluluk duydum, gösterdiğiniz misafirperverliğiniz içinde ayrıca teşekkür ederim. Ahmet Yesevi Üniversitesi Türk Dünyasının en gözde üniversitesi. Burada dünyanın dört bir yanından gelen öğrencilerin bir arada okuması önem arz ediyor. Tabi ki Türkiye'nin destekleri de çok önemli, Türkiye devleti sadece buraya değil Afrika'da Avrupa'da ve dünyanın pek çok yerinde her alanda insanlığa büyük katkı sunuyor. Dolayısıyla bu üniversite de birçok sorununu aşmış ve fiziki yeterliliğine kavuşmuş durumdadır. Türk Dünyasına hizmet eden bir üniversitede bulunmaktan onur duyuyoruz," dedi.

Toplantı, karşılıklı hediye takdimin ardından toplu hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.



# Türkiye'deki üniversitelerle ikili işbirliği anlaşmaları

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar karşılıklı işbirliği imkânlarını görüşmek üzere İstanbul'da bir dizi ziyaret gerçekleştirdi.**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar karşılıklı işbirliği imkânlarını görüşmek üzere 17.10.2018 tarihinde Marmara Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Erol Özvar'ı ziyaret etti. Yapılan görüşmede Rektör Vekilimizin de mensubu olduğu Marmara Üniversitesi ile Ahmet Yesevi Üniversitesi arasındaki mevcut anlaşmaların yenilenmesi ve geliştirilmesi, iki üniversite arasında her alanda işbirliği yapılması hususunda görüş birliğine varıldı.



Prof. Dr. Cengiz Tomar, İstanbul 29 Mayıs Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mustafa Sinanoğlu'na bir ziyaret gerçekleştirdi. Rektörlük görevine yeni atanan Prof. Dr. Mustafa Sinanoğlu'nu üniversitemiz adına tebrik etmek üzere yapılan ziyarette iki üniversite arasındaki mevcut anlaşmaların yenilenmesi, geliştirilmesi ve her alanda işbirliği yapılması hususunda görüş birliğine varıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile İbn Haldun Üniversitesi arasında imzalanan işbirliği anlaşması ise iki üniversite arasında karşılıklı olarak öğrenci ve öğretim üyesi değişimi, eğitim işbirliği, ortak projeler geliştirilmesi ve bilimsel toplantılar düzenlenmesi maddelerini içermektedir. Anlaşmaya, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile İbn Haldun Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Recep Şentürk, İbn Haldun Üniversitesi yerleşkesinde düzenlenen törenle imza attılar.

18.10. 2018 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi ile İstanbul Medeniyet Üniversitesi arasında öğrenci ve öğretim üyesi değişimini içeren Mevlana Anlaşması imzalandı. İstanbul Medeniyet Üniversitesi yerleşkesinde düzenlenen törenle yapılan anlaşmaya, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile İstanbul Medeniyet Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. İhsan Karaman tarafından imza atıldı. 9-13 Ekim 2018 tarihinde iki üniversitenin Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan yerleşkesinde ortaklaşa düzenlediği Uluslararası Avrasya Göç Sempozyumu ile başlayan ilişkilerin her alanda genişletilerek sürdürülmesi hususunda tam bir mutabakat sağlandı.

# 27. Fakülteler Arası Spor Turnuvası başladı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından, geleneksel olarak düzenlenen 27. Fakülteler Arası Spor Turnuvası Üniversite yerleşkesindeki spor tesislerinde başladı.**

Üniversite gençlerin spora olan ilgilerini artırmak, Üniversite'nin sportif başarısı için alt yapı çalışmalarında kaliteyi geliştirmek ve öğrencilerin serbest zamanlarının daha verimli geçirmelerini sağlamaya yönelik olarak düzenlenen turnuvada öğrenciler; futbol, voleybol, basketbol, yüzme, halat çekme, bilek güreşi, koşu, masa tenisi, sambo, dama ve satranç dallarında şampiyonluk için mücadele edecekler.

Fakülteler Arası Spor Turnuvaları açılış töreni 22 Ekim 2018 Pazartesi günü Türkistan Yerleşkesi Stadyumunda gerçekleştirildi.

Törende konuşan Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin yüksek öğrenimde olduğu gibi spor dallarında da büyük başarılara imza attığına işaret ederek, her yıl düzenlenen ve geleneksel hale getirilen spor turnuvaları ile yetenekli öğrencileri tespit ettiklerini açıkladı. Turnuvalardaki başarılı sporcuların uluslararası spor oyunlarına katılabilme şansı bulduklarını dile getiren Rektör Abdrasilov, spor oyunlarına ilgilerinden dolayı öğrencilere teşekkür ederek, turnuvanın fair play çerçevesinde ve yüksek başarıyla sonuçlanması dileğini paylaştı.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ise konuşmasında; Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin eğitim ve öğretim faaliyeti ile birlikte kültür, sanat ve spor faaliyetlerine de önem verdiğine dikkat çekerek, birçok alanda olduğu gibi spor alanında da faaliyetlerin etkin bir biçimde sürdürüldüğünü ifade etti. Başarının sadece ders odaklı olmadığına vurgu yapan Rektör Vekili Tomar, bu tür sosyal etkinliklerin zihinsel ve bedensel gelişime etkin katkı sağladığını, dolayısıyla sosyal alanda aktif olan öğrencilerin derslerinde daha başarılı olduğunu belirtti.




Rektör Vekili Tomar, "Ayrıca bu tür etkinlikler, sizleri ileride daha büyük başarılar kazandıracaktır. Biz bunun yakın zamanda örneklerini gördük. İki öğrencimiz Asya Olimpiyatlarından altın madalya ile döndüler. Sizlerin de böyle başarılar kazanacağınıza inanıyoruz. Katılımlarınız için hepinizi tebrik ediyor, başarılar diliyorum" dedi.

Açılış konuşmalarının ardından futbol maçlarının kura çekimi yapıldı. Çekilen kuraya göre ilk maç, Sanat Fakültesi ile Mühendislik Fakültesi arasında oynandı. Rektör Abdrasilov ile Rektör Vekili Tomar'ın da belirli bir süre izlediği maç, 0-0 sona erdi.Turnuva, 29 Kasım 2018 tarihinde kapanış ve ödül töreniyle sona erecek.

# "Türkoloji Temelinde Lehçeler Arası Çeviri/ Aktarma Sorunları" konferansı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü tarafından düzenlenen "Türkoloji Yuvarlak Masa Toplantıları" kapsamında Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör "Türkoloji Temelinde Lehçeler Arası Çeviri/Aktarma Sorunları" konulu konferans verdi.**



Konferans Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü kütüphanesinde 23 Ekim 2018 Salı günü saat 17.00'de başladı ve yaklaşık bir saat sürdü. Toplantıya Ahmet Yesevi Üniversitesi rektör vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, AYÜ Hazırlık Fakültesi Türk Dili Öğretim Görevlileri, Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü Dr. Ömer Küçükmehmetoğlu, AYÜ lisans, yüksek lisans ve doktora öğrencileri ile gazeteciler katıldı.

Kazakçadan Türkçeye yapılan edebî çeviriler hakkında geniş bilgi veren Doç. Dr. Ahmet Güngör, Kazak edebiyatının temel taşlarından "Abay Yolu" romanının Türkçeye çeviri serüvenini anlattı. Romanda geçen terimlerin karşılıklarını bulmak için bazen günlerce çalıştıklarını, yazılı görsel kaynakları taradıklarını bazen bizzat canlı olarak gidip canlı olarak bir kelimeyi öğrenmeye çalıştıklarını, söyledi. Çeviri yapan çevirmenin o dilin ait olduğu kültürü çok yakından bilmek gerektiğini, ifade etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türkiye Cumhuriyeti Kültür Bakanlığı TEDA Projesi kapsamında Kazakçadan Türkçeye, Türkçeden Kazakçaya birçok eserin çevrilebileceğini, bu konuda uzmanlaşmış hocalarımızın kültür bakanlığına bir eser listesi hazırlayarak sunmaları gerektiğini dile getirdi.

Lehçeler arası çeviri sorunlarıyla ilgili Güngör'ün yaptığı sunumun ardından Türkoloji Araştırmaları Enstitüsünde çalışan Kazak akademisyenler, Uluslararası İlişkiler Bölümü öğrencileri, Hazırlık Fakültesi öğretim görevlileri çeviriyle ilgili sorular sordular. Konferans sonunda Ahmet Yesevi Üniversitesi rektör vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç.Dr. Ahmet Güngör'e teşekkür belgesi takdim etti.

# "Türk Kültüründe Dede Korkut'un Yeri ve Önemi" konferansı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü Yuvarlak Masa Toplantıları kapsamında Hazırlık Fakültesi Öğretim Görevlisi Halil Çetin enstitü kütüphanesinde "Türk Kültüründe Dede Korkut'un Yeri ve Önemi" konulu konferans verdi. 22 Ekim 2018 Pazartesi günü gerçekleştirilen etkinlik, yaklaşık bir saat sürdü.**



Halil Çetin Dede Korkut hakkında yaptığı konuşmasında, "Türk kültürün tarihi geleneksel kodlarını en iyi yansıtan eserlerden birisi Dede Korkut'tur," dedi. Konferansta Dede Korkut'un eserinin Dresden ve Vatikan nüshalarının bulunması, içeriği ve önemi üzerinde durdu. Dede Korkut üzerine Türkiye, Kazakistan, Azerbaycan ve Türkmenistan'da çalışma yapanlar ile Almanya, İngiltere ve Amerika Birleşik Devletleri'ndeki çeviri çalışmaları hakkında bilgi verildi. Konferansta, Dede Korkut'un Türk kültüründeki gelenekler ve görenekler bağlamındaki ortak motiflere değinildi. Dede Korkut'un destanı hikâyelerinin devlet politikası, aile yapısının önemi, kahraman insan modelinin örneklendirilmesi, kadına saygı ve eş seçiminin ehemmiyeti meyanında Türk töresinin değer yargılarına değinildi. Türk töresine ait folklorik unsurları arka planında barındıran Dede Korkut destansı hikâyelerinin çocuk eğitimindeki yeri ve önemi hakkında bilgi verilip önerilerde bulunuldu.

Konferans sonunda Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi Öğretim Görevlisi Halil Çetin'e, konferansın moderatörü Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü öğretim görevlisi Roza Esbalayeva tarafından teşekkür belgesi takdim edildi.

# ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

МЕРЕЙТОЙ

## Ақынын ардақтаған кеш

**Жуырда университетіміздің Мәдениет орталығында Қазақстан Жастар одағы және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, көрнекті ақын Қасымхан Бегмановтың 60 жылдығына арналған «Сағыныштан тұрады тіршілігім...» атты шығармашылық кеші өтті.**

Аталған шараға «Президент және халық» газетінің бас редакторы Марат Тоқашбай, Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын Бауыржан Жақып, «Дос-Мұқасан» тобының негізін қалаушы, ұстазы Ұлықпан Сыдықовтар келіп, өз құттықтауларын жеткізді. Қасымхан Бегманов – Түркістан, Кентау қалаларының «Құрметті азаматы». Қазіргі таңда республикалық ұлттық-этнографиялық «Дәстүр» журналының бас редакторы.

Салтанатты кеш аясында мерейтой иесіне университетіміздің президенті Болатбек Абдрасиловтың атынан арнайы құттықтау хатты «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетекшісі Әмірекұл Әбуов табыстады. Жиын барысында ақын «Шерлі Түркістан» деп аталатын тарихи-дастанынан үзінді оқыды. Ақынды ардақтау мақсатында ұйымдастырылған кеш қалалық Мәдениет үйінің өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты.

**ЯУ-ақпарат**

## ҚҰНАНБАЙ ТУРАЛЫ

**Елімізде мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5-қазандағы жолдауы белсенді талқылануда. Себебі жолдау саяси мәселе ғана емес, сонымен қатар еліміздің әрбір тұрғынының өміріне қатысты мәселе. Жолдау – мемлекеттің тағдыры.**

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Орда» тарихи-танымдық клубы ортақ іске үлес қосқанды жөн санап, Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбай» толық метражды көркем фильмін университетіміздің студенттеріне ұсынды.




Қазақ әдебиетінің классикалық туындысы «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай жиынтық бейне ретінде суреттеліп, қазақ зиялысы Абайдың әкесі жайлы оқырманда жағымсыз пікір қалыптасып қалған. Дегенмен Құнанбайдың фильмдегі образы атақты биді қазақ қоғамына басқа қырынан танытты. Тарихи деректердің негізінде түсірілген туындыда Кенесары хан тақырыбының қозғалғандығы, Құнанбайдың билер кеңесінде шығарған үкімдері мен айтқан байламдары «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ бейнесін көрсете білген.

Аталмыш фильм жастарға қазақ халқы тарихынан сыр шертіп, рухани дем берді деуге болады. Фильм соңында, оқу орнымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетекшісі Әмірекұл Әбуов фильмнен алған әсерімен және Құнанбай туралы тың деректермен бөлісті.

Жастардың жүрегіне патриоттық сезім мен рухани жаңашылдық ұялатуды көздейтін «Орда» тарихи-танымдық клубы өз мақсаттарына жетуде еңбектенуде. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын. Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік. Елбасы сенімін бірлесе отырып, іске асыру біз үшін үлкен мәртебе!

**Мәлік НҰРБОЛАТ**
**3-курс студенті «Орда» тарихи-танымдық клубының төрағасы**

ФОТО РЕПОРТАЖ

## БІЛІМДІ ЖАСТАР - ел тірегі!



Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ
Газет 1995 жылдан шыға бастады
**Меншік иесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
**Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

**Қоғаммен байланыс бөлімі:**
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
aksari@mail.ru
**Тілшілер:**
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru
Сүлеймен ДОҒАН
dgn_s8@mail.com
**Дизайнер:**
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

**Газетті есепке қою туралы**
№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.
Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.
**Мекен-жайы:** ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй
Таралымы: 1000 дана
Тапсырыс нөмірі:

**Редакция мекен-жайы:** 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassaui@mail.ru